

Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 121 қаулысы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңын басшылыққа ала отырып, Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арал ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдердің кейбір түрлерін төлеудің Нұсқаулықтарын бекіту туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 30 қаулысы (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 25 наурызында 10-3-154 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 25 санында ресми жарияланған);

(өзгерістерімен қоса: "Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдердің кейбір түрлерін төлеудің Нұсқаулықтарын бекіту туралы" аудан әкімдігінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 30 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 51 қаулысы (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 23 сәуірінде № 10-3-158 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 34 санында ресми жарияланған);

"Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдердің кейбір түрлерін төлеудің Нұсқаулықтарын бекіту туралы" аудан әкімдігінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 30 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 39 қаулысы (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылдың 26 сәуірінде № 10-3-183 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 34 санында ресми жарияланған);

2) "Аудан көлемінде қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың түрлерін бекіту туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысы (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылдың 11 сәуірінде 10-3-181 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 32 санында ресми жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Арал ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Н. Ахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК